

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кейбір нормативтік қаулыларына азаматтық және азаматтық процестік заңнама бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2021 жылғы 30 қыркүйектегі № 2 Нормативтік қаулысы

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мына нормативтік қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Соттардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы істерді қараған кезде заңнаманы қолдануы туралы" 2000 жылғы 28 сәуірдегі № 5 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 13, 2012 жылғы 31 мамырдағы № 2, 2017 жылғы 31 наурыздағы № 2, 2021 жылғы 15 сәуірдегі №1 нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

2) 2-тармақта:

бірінші абзац мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші сөйлемдермен толықтырылсын:

"Талап қою арызы электрондық форматта берілген кезде неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәліктің түпнұсқасы сотқа талап қою арызы соттың іс жүргізуіне қабылданғанға дейін ұсынылуы тиіс. Неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәліктің түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда арыз қайтарылуға жатады.";

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ және бір-біріне мүліктік және өзге де талаптарды қоймайтын ерлі-зайыптылардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы талап қою арызында Кодекстің 238-бабы 2-тармағының тәртібімен тіркеуші органдарда некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға жауапкердің келісімінің жоқтығы не оның қарсылығының болмауына қарамастан некені (ерлі-зайыптылықты) бұзудан жалтарғаны көрсетіледі.";

3) 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Кодекстің 17-бабының 1-тармағына сәйкес кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу бір-біріне мүліктік және өзге де талаптар болмаған кезде тіркеуші органда жүргізіледі.

Некені (ерлі-зайыптылықты) сот тәртібімен бұзу:

Кодекстің 17-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған ортақ балалары болған;

ерлі-зайыптылардың біреуінің некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға келісімі болмаған ;

егер ерлі-зайыптылардың біреуі қарсылықтарының болмауына қарамастан, өзінің іс-әрекетімен не әрекетсіздігімен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзудан жалтарған;

ерлі-зайыптылардың бір-біріне мүліктік және өзге де талаптары болған (Кодекстің 19-бабының 2-тармағы) жағдайда жүргізіледі.

Бір-біріне мүліктік және өзге де талаптар қоймайтын және кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ ерлі-зайыптылардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы талап қою арызымен сотқа жүгінуі үшін жауапкердің тіркеуші органда некені (ерлі-зайыптылықты) бұзудан бас тартқанын не оның қарсылығының болмауына қарамастан, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзудан жалтарғанын растайтын дәлелдемелерді ұсынуы қажеттігін соттардың ескергені жөн.

Тіркеуші органда Кодекстің 238-бабы 2-тармағының тәртібімен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға жауапкердің келісімінің жоқтығын растау үшін жұбайының некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы арызбен тіркеуші органға жүгінгені жөніндегі құжаттар және жауапкердің некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға келісімінің жоқтығы туралы жазбаша арызы ұсынылады.

Ерлі-зайыптылардың біреуі өзінің қарсылықтарының болмауына қарамастан, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзудан жалтарған жағдайда, мысалы, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы бірлескен арыз не жеке арыз беруден бас тартса, оның бірлескен арыз беру үшін тіркеуші органға жеке өзінің келуіне мүмкіндігі болмаса, сондай-ақ ол арыз берілгеннен кейін бір ай өткен соң тіркеуші органға қайта келмесе неке (ерлі-зайыптылық) сот тәртібімен бұзылады.

Бұл жағдайда талап қоюшы жауапкердің некені (ерлі-зайыптылықты) тіркеуші органда бұзудан жалтарғанын куәландыратын дәлелдемелерді талап қою арызына қоса беруге міндетті. Мұндай дәлелдемелерге тіркеуші органның ерлі-зайыптылардан некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға арыздың болмағаны не арыз берілгеннен кейін бір ай өткен соң некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу үшін оның қайтадан келмегені туралы мәліметтері жатады.

Тіркеуші органда некені (ерлі-зайыптылықты) бұзудан жалтарудың мән-жайлары құжаттармен – ерлі-зайыптылардың арызының жоқтығы туралы анықтама ұсынылып, сонымен қатар талап қоюшының некені (ерлі-зайыптылықты) тіркеуші органда бұзу ниеті туралы жауапкерге тиісінше хабарлағаны жөніндегі мәліметтермен расталуы тиіс. Пошталық хат-хабарды алу туралы хабарлама, электрондық пошта мекенжайына, ұялы байланыстың абоненттік нөміріне немесе талап қоюшының жауапкерге жасаған өтінішін тіркеуді қамтамасыз ететін және талап қоюшының некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы ұсынысы жөнінде жауапкердің хабардар болуын куәландыратын өзге де электрондық байланыс құралдарына жіберілген хабарламалар талап қоюшының жауапкерге некені (ерлі-зайыптылықты) соттан тыс тәртіппен бұзуға өтініш

жасағанына дәлелдемелер болып табылады. Мысалы, талап қоюшының медиаторға жүгінуі және жауапкердің татуласу рәсімдерін өткізуге келмеуі, ал электрондық үкімет порталына жүгінген кезде – талап қоюшының некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы арызды беруі туралы мәліметтер және екінші жұбайының өтінімге қол қоядан бас тартуы. Аталған дәлелдемелерді ұсыну талап қоюшының міндеті болып табылады.

Мұндай дәлелдемелер болмаған жағдайда осы санаттағы істер үшін заңда белгіленген дауды реттеудің соттан тыс тәртібінің сақталмауына байланысты АПК-нің 152-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасына сілтеме жасалып, арыз қайтарылуы тиіс.";

4) 8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Кодекстің 17-бабының 2-тармағы бойынша ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған ортақ балаларының болуына қарамастан, хабар-ошарсыз кетті деп танылған адамдармен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу ерлі-зайыптылардың біреуінің арызы бойынша тіркеуші органдарда жүргізіледі. Сондықтан бір жыл ішінде тұрғылықты жерінде мәліметтер болмаған адамға қатысты некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы талап қойып жүгіну кезінде судья некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы талап қою арызын азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға және шешуге жатпауына байланысты қабылдаудан бас тартады және талап қоюшыға азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тану тәртібін түсіндіреді.";

5) 9-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында тұрғылықты жері жоқ адаммен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы талап қою оның жылжымайтын мүлкінің орналасқан жері бойынша немесе оның ең соңғы белгілі тұрғылықты жері бойынша берілуі және қаралуы мүмкін (АПК-нің 30-бабының бірінші бөлігі).";

6) 10-тармақта:

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Сот ерлі-зайыптыларды татуластыру үшін істі қарауды кейінге қалдыру туралы ұйғарымды сот отырысының хаттамасында көрсете отырып, сот отырысы залынан шықпай-ақ шығаруы мүмкін (АПК-нің 268-бабының үшінші бөлігі).";

7) 13-тармақта:

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Ерлі-зайыптыларға татуласу үшін мерзім беру кезінде, егер бұйрық арқылы іс жүргізу тәртібімен қарауға жатпайтын алименттерді өндіріп алу туралы талап қою арызы берілген жағдайда (тұрақты ақша сомасы немесе т.б.), сот алименттерді өндіру туралы талапты бөліп, оны мәні бойынша жеке іс жүргізіп қарайды.";

8) 20-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Сот некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы шешім шығарған кезде тараптарға бірлесіп жиналған мүлікті бөлу туралы дауларға талап қою ескіруінің үш жылдық мерзімі қолданылатынын және оны есептеу тәртібін түсіндіруі тиіс.";

2. "Соттардың бала асырап алу жөніндегі заңнаманы қолдану практикасы туралы" 2016 жылғы 31 наурыздағы № 2 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 7 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) 1-тармақта:

"1989 жылғы 20 қарашадағы Бала құқықтары туралы Конвенциядан" деген сөздер "Бала құқықтары туралы Конвенциядан (Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы № 77-XIII қаулысымен ратификацияланған Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1989 жылғы 20 қарашада қабылдаған) (бұдан әрі – Бала құқықтары туралы Конвенция)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"1993 жылғы 29 мамырдағы Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы Конвенциядан" деген сөздер "Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы Конвенциядан (Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 12 наурыздағы № 253-IV Заңымен ратификацияланған, Қазақстан Республикасы үшін 2010 жылғы 1 қарашада күшіне енген) (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы Конвенция)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(2015 жылғы 2 шілдедегі өзгерістерімен бірге)" деген сөздер алып тасталсын;

"Бала асырап алу жөніндегі агенттіктерді" деген сөздерден кейін "және жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына орналастыруға жәрдем көрсету жөніндегі ұйымдарды" деген сөздермен толықтырылсын;

"Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және асырап алуға жататын балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы" деген сөздер "Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Адамның бала асырап алуы, оны қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа қабылдап алуы мүмкін болмайтын аурулардың тізбесін бекіту туралы" деген сөздерден кейін "(бұдан әрі – Адамның бала асырап алуы, оны қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа қабылдап алуы мүмкін болмайтын аурулардың тізбесі)" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 2-тармақ мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"Арыз беруші қорғаншы немесе қамқоршы, баланы қабылдайтын ата-ана (баланы қабылдайтын ата-аналар), патронат тәрбиеші немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балаға қамқорлық жасауды, білім, тәрбие беруді, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын басқа да заңды өкілді алмастыратын адам

болып табылатын жағдайларды қоспағанда, баланы асырап алу туралы соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін ғана бала асырап алу туралы арыз берген адамның баланың заңды өкілі құқықтарына ие болатынын назарға алған жөн (Кодекстің 1-бабы 1-тармағының 12) тармақшасы).";

3) 3-тармақта:

екінші абзацтағы "балалардың аға-інілері" деген сөздер "ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтармен толықтырылсын:

"Балаларды туыстары асырап алған кезде арызда бала асырап алушылардың балалардың биологиялық ата-аналарымен туыстық байланыста болғаны туралы мәліметтер көрсетілуі және оған баланың биологиялық ата-аналары мен бала асырап алушылар арасындағы туыстық байланысты растайтын құжаттар (туу туралы куәліктер, тегін ауыстыру туралы құжаттар, туыстық қатынастарды анықтау туралы сот шешімдері және т.б.) қоса берілуі тиіс. Асырап алынатын баланың туыстарына жататын адамдар тобын айқындау кезінде сот Кодекстің 1-бабы 1-тармағының 36) тармақшасын басшылыққа алуы тиіс, оған сәйкес үлкен атасы мен үлкен әжесіне дейін ортақ ата-бабалары бар туыстық қатынастағы адамдар туыстар болып табылады. Туыстық байланыстарды растайтын дәлелдемелер болмаған кезде арыз қанағаттандырылуға жатпайды, мұндай жағдайда бала асырап алуға өзге де кедергілердің жоқтығы заңды маңызға ие болмайды. Арыз берушіге бала асырап алу үшін заңда белгіленген рәсімді сақтау қажеттігі туралы түсіндірген жөн.

Баланы асырап алу кезінде арыз берушінің жұбайының осы балаға қатысты әке болуы анықталса, арызға әке болуын растайтын молекулярлық-генетикалық сараптаманың қорытындысы қоса берілуі тиіс. Мұндай қорытынды болмаған жағдайда, арыз АПК-нің 148-бабы екінші бөлігінің 268-бабының талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты АПК-нің 152-бабы бірінші бөлігінің 3) тармақшасына сілтеме жасай отырып, қайтарылуға жатады.

Мемлекеттік жеңілдіктер мен артықшылықтарға қол жеткізуге, үкімді орындауды кейінге қалдыруға және бала асырап алуға байланысты емес өзге де артықшылықтарды алу үшін көпбалалы ана немесе көпбалалы отбасы мәртебесін алу мақсатында бала асырап алу фактілерін болдырмау үшін сот істі сот талқылауына дайындау тәртібімен бала асырап алу уәждерін анықтағаны жөн.

АПК-нің 54-бабы екінші бөлігінің негізінде өздерін өз бетінше қорғай алмайтын асырап алынатын балаларға жататын азаматтарды қорғау талап етілген істер бойынша прокурордың азаматтық істі жүргізуге қатысуы міндетті, осыған байланысты бала асырап алу туралы іс прокурордың міндетті түрде қатысуымен қаралуға жатады.";

төртінші, бесінші, алтыншы абзацтар тиісінше сегізінші, тоғызыншы, оныншы абзацтар деп есептелсін;

тоғызыншы абзац мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Арыз электрондық құжат нысанында берілген кезде ол әр арыз берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.";

4) 4-тармақтың бірінші абзацындағы "(бұдан әрі – Салық кодексі)" деген сөздер алып тасталсын;

5) 7-тармақта:

бірінші абзац мынадай мазмұндағы үшінші, төртінші сөйлемдермен толықтырылсын:

"Істі сот талқылауына дайындау кезінде судья баланың мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында аталған адамдарды іске қатысуға тарту туралы мәселені шешкені жөн. Іске қатысуға биологиялық ата-аналар тартылған кезде судья бала асырап алудың құқықтық салдарын түсіндіруге міндетті.";

екінші абзац мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Сонымен қатар соттар Бала құқықтары туралы конвенцияның 12-бабының ережелерін және Кодекстің 62-бабын ескеруі тиіс, оларға сәйкес бала жасына қарамастан, өзінің мүдделерін қозғайтын барлық мәселелер бойынша өз пікірін еркін білдіруге, сондай-ақ кез келген сот немесе әкімшілік талқылау барысында тыңдалуға құқылы.";

6) 10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Асырап алу балалардың мүдделеріне сай келетін және балалар өздерінің туыстығы туралы білмеген, бірге тұрмаған және бірге тәрбиеленбеген жағдайларды қоспағанда, бір отбасында тәрбиеленген ағалы-інілілер мен апалы-сіңлілілерді (қарындастарды) әртүрлі адамдардың асырап алуына жол берілмейді (Кодекстің 90-бабының 2-тармағы).

Заңда аталған ереже тек ата-анасы бір аға-інілер мен апа-сіңлілерге (қарындастарға) ғана қолданылатыны, ал Кодекстің 1-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілер мен апа-сіңлілер (қарындастар) жақын туыстар болып табылатыны белгіленбегендіктен, Кодекстің 90-бабы 2-тармағының ережесін әртүрлі адамдардың ата-анасы бөлек аға-інілер мен апа-сіңлілерді (қарындастарды) асырап алу жағдайларына да қолданған жөн. Осыған байланысты асырап алу туралы арызда немесе оған қоса берілген материалдарда асырап алынатын баланың ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілерінің (қарындастарының) бар-жоғы туралы көрсетілгеніне қарамастан, сот істі сот талқылауына дайындау сатысында асырап алынатын баланың ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары) бар-жоғын және олар асырап алуға жататындығын анықтауы керек.";

7) 12-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 692 бұйрығымен бекітілген" деген сөздер алып тасталсын;

8) мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

"12-1. Кодекстің 91-бабының 4-тармағында (баланың жақын туыстарын қоспағанда) (Кодекстің 91-бабы 2-тармағының 15) тармақшасы) белгіленген тәртіппен психологиялық даярлықтан өтпеген адамдар бала асырап алушы бола алмайды.

Бұл шектеу бала асырап алушылар болып табылатын немесе болып табылған және оларға қатысты бала асырап алудың күші жойылмаған адамдарға және балалардың қорғаншылары (қамқоршылары) болып табылатын немесе болып табылған және оларға жүктелген міндеттерді орындаудан шеттетілмеген адамдарға қолданылмайды.

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарын психологиялық даярлаудың міндетті екенін назарға алған жөн (Кодекстің 91-бабының 4-тармағы).

Мұндай даярлықты жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасына орналастыруға жәрдем көрсету жөніндегі ұйымдар, сондай-ақ жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары аталған ұйымдардың қаражаты есебінен жүзеге асырады.

Психологиялық даярлық бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптар, психологиялық даярлық жөніндегі қызметті ұйымдастыру тәртібі және осындай даярлықтан өткені туралы сертификаттың нысаны "Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарын психологиялық даярлау бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптарды, оларды психологиялық даярлау жөніндегі қызметті ұйымдастыру тәртібін және осындай даярлықтан өткені туралы сертификаттың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 сәуірдегі № 165 бұйрығымен бекітілген.";

9) 16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Кодекстің 84-бабының 1-тармағы, 91-бабының 1-тармағына сәйкес кәмелетке толмаған балаларға қатысты бала асырап алушылардың асырап алынатын баланың толық тән саулығы, психикалық, рухани және адамгершілік жағынан дамуын қамтамасыз ету мүмкіндіктері ескеріле отырып, тек қана солардың мүддесінде асырап алуға жол беріледі.

Бала асырап алу кезіндегі балалардың мүдделерін оларды тәрбиелеу және жан-жақты дамыту үшін қолайлы жағдайлар (материалдық, сол сияқты моральдық сипатта) жасау деп түсіну керек.

Бала асырап алу туралы шешім шығару кезінде соттар бала асырап алушының, сондай-ақ онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің адмгершілік және басқа да жеке қасиеттерін (олардың жұмыстағы, тұрмыстағы мінез-құлқын сипаттайтын мәліметтер,

қылмыстық, әкімшілік жауаптылыққа тарту фактілері және т.б.) бала асырап алушы мен онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің денсаулық жағдайын, отбасында қалыптасқан өзара қарым-қатынастарды, бала асырап алушы мен бала арасында туындаған өзара қарым-қатынастарды, бала асырап алу мәселесі бойынша отбасы мүшелерінің көзқарасын, сонымен қатар болашақ бала асырап алушылардың материалдық және тұрғын үй жағдайларын тексеріп, ескеруі керек.

Бұл мән-жайлар баланы бөгде адамдар, өгей әкесі, өгей шешесі, сондай-ақ баланың туыстары асырап алған кезде тең дәрежеде ескерілуге тиіс.";

10) 18-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"Шешімнің қарар бөлігінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 7 қыркүйектегі № 551 бұйрығымен бекітілген Асырап алынған баланың өмір сүру, оқу, тәрбие жағдайлары туралы және денсаулық жағдайы туралы есепті ұсыну қағидалары мен мерзімдеріне және оның нысандарына сәйкес асырап алынған баланың өмір сүру, оқу, тәрбие жағдайлары туралы және денсаулық жағдайы туралы есепті ұсыну қажеттігі жөніндегі Кодекстің 86-бабы 4-тармағының ережелерін бала асырап алушыларға түсіндірілгені туралы көрсеткен жөн.";

11) 22-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Баланы асырап алу туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде осы шешімнің үзінді көшірмесі бала асырап алу туралы сот шешімі шығарылған жер бойынша тіркеуші органға және қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға жіберілуі тиіс, ал бала асырап алудың күшін жою және бала асырап алуды жарамсыз деп тану туралы сот шешімінен үзінді көшірме дәл осындай мерзімде тууды мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органға және қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға жіберілуі тиіс екендігін ескеру қажет (Кодекстің 88-бабы және 105-бабының 4-тармағы).";

екінші абзацтағы "1993 жылғы 29 мамырдағы" деген сөздер алып тасталсын:

12) мынадай мазмұндағы 22-1-тармақпен толықтырылсын:

"22-1. Егер бала асырап алу, бала асырап алуды жарамсыз деп тану туралы немесе бала асырап алудың күшін жою туралы істерді қарау кезінде сот заңдылықты бұзу жағдайларын анықтаса не тараптың, процеске басқа да қатысушылардың, лауазымды немесе өзге де адамның әрекеттерінен қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін байқаса, ол АПК-нің 270-бабына сәйкес жеке ұйғарым шығарады.".

3. "Соттардың алименттерді өндіріп алу жөніндегі істерді қараған кезде заңнаманы қолдануы туралы" 2019 жылғы 29 қарашадағы № 6 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2021 жылғы 15 сәуірдегі № 1 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) 1-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексін (бұдан әрі – АПК)" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін (бұдан әрі – ӘРПК)" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 5-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Әке (ана) болудың анықталуына немесе үшінші тұлғаларды тарту қажеттігіне байланысты емес кәмелетке толмаған балаларды бағып-күтуге арналған алименттерді өндіріп алу туралы талаптарды соттар арызда көрсетілген сот ісін жүргізу түріне қарамастан, АПК-нің 135-бабының 4) тармақшасына сәйкес бұйрық арқылы іс жүргізіп қарайды.";

3) 6-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Сот бұйрығының күшін жою туралы ұйғарымда судья өндіріп алушы мәлімдеген талаптың талап қою ісін жүргізу тәртібімен берілуі мүмкін екенін түсіндіреді.";

екінші, үшінші абзацтар тиісінше үшінші, төртінші абзацтар болып есептелсін;

мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"Сот бұйрығының күшін жоюға байланысты жиналған берешекті, жұмыс уақытын жоғалтқаны үшін шығынды және т.б. өндіру туралы қосымша талаптар болмаған жағдайда, алимент өндіру туралы талап бұйрық арқылы іс жүргізу тәртібімен қайта берілуі мүмкін.";

4) 8-тармақ мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"Сот талап қою бағасын борышкердің кірістері туралы мәліметтердің (мысалы, орташа жалақы туралы анықтама, мемлекеттік кірістер органдарынан мәліметтер және т.б.) негізінде белгілейді. Борышкердің кірістерін растайтын құжаттар болмаған жағдайда бір жылға арналған жиынтық төлемдердің мөлшерін талап қойылған күнге Қазақстан Республикасындағы орташа айлық жалақының орташа мөлшерінен анықтаған жөн.";

жетінші абзац сегізінші абзац болып есептелсін;

5) 14-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Сот аталған санаттағы істер бойынша үшінші тұлғалар ретінде дербес талаптар мәлімдемейтін кәмелетке толған бала бірге тұратын ата-ананы тартқаны жөн.";

екінші, үшінші, төртінші абзацтар тиісінше үшінші, төртінші, бесінші абзацтар болып есептелсін;

6) 29-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші абзацтармен толықтырылсын:

"Егер борышкер Кодекстің 139-бабының 1-тармағында көзделген үлестердің арақатынасы сақталмайтын бірнеше өндіріп алушыға алимент төлеуді жүзеге асырған жағдайда, мысалы, борышкер бір өндіріп алушыға бір баланы күтіп-бағуға ата-анасының жалақысының және (немесе) өзге де кірісінің төрттен бір бөлігі мөлшерінде және басқа өндіріп алушыға бір баланы күтіп-бағуға төрттен бір бөлігі мөлшерінде алимент төлесе және борышкер екі балаға алиментті үштен бір бөлігі

мөлшерінде төлеуге тиіс екені жөнінде уәж келтіріп, материалдық немесе отбасы жағдайының өзгеруін көрсетпей алименттің мөлшерін азайту туралы талап қойса, алименттің мөлшері кемітілуге жатпайды.

Егер сот балаларды күтіп-бағуға өндірілген алименттердің мөлшерін негізсіз төмендету мақсатында талап қойылғанын анықтаған жағдайда, сот қойылған талаптан бас тартады.";

үшінші, төртінші, бесінші абзацтар тиісінше бесінші, алтыншы, жетінші абзацтар болып есептелсін;

7) 30-тармақтың бірінші абзацындағы "Талап қоюшының" деген сөздер "Борышкердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 31-тармақта "АПК-нің 250-бабы" деген сөздер "ӘРПК-нің 136-бабының 4-тармағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 33-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Өз кезегінде жауапкерге талап қоюшының алимент төлеуден жалтарғаны туралы дәлелдерін жоққа шығаратын және көрсетілген кезеңде өзінің алимент төлегенін растайтын дәлелдемелерді ұсыну міндеті жүктелген.";

үшінші, төртінші абзацтар тиісінше төртінші, бесінші абзацтар болып есептелсін.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы

Ж. Асанов

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыс хатшысы

Г. Әлмағамбетова